


★ **ORLEU TALKS. Вебинар:****Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сабақты жоспарлау**

Сабак – логикалық аяқталған, толық, шектеулі бағдармен негізделіп қамтылған оқу-тәрбие үрдісі.



БМҚ ТРЕНЕРІ САХАРБАЕВА М.А.

Сабақты жоспарлауды неден, қашан, қалай бастаймыз?

Ең алдымен, мақсат қою керек. Мақсат қою - белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын үздіксіз үдеріс. Әрбір қойылған мақсатты үнемі талдап, қажет болса, қайта қарастыру керек. Үздіксіз талдау жасау мұғалімдерге маңызды шешім қабылдауға көмектеседі. Ең маңыздысы жүзеге аспай қалған немесе мерзімі бойынша қалып отырған мақсаттарға мән беру.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ тренеры Марал Сахарбаеваның ұйымдастыруымен «Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша сабақты жоспарлау» тақырыбымен өткен вебинарда мұғалімдер ұжымдық, жеке, шағын топтарда жұмыс жасап, сабақты тиімді жоспарлау әдістері бойынша ой



бөлісіп, тәжірибе алмасты.

Марал САХАРБАЕВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ-ның аға оқытушысы

География пәні мұғалімдерінің «Далалық зерттеу жұмыстары» облыстық байқауы

Білім басқармасының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың 30 қазан күні орталық геологиялық өлкетануды дамыту мақсатында география пәні мұғалімдерінің арасында «Далалық зерттеу жұмыстары» облыстық байқауын қашық-тықтан өткізді.



Байқауға жалпы орта білім беру ұйымдарынан 5 топ, яғни 15 мұғалім қатысты.

Ережеге сәйкес қатысушылар «Геологиялық маршрут», «Геологиялық кесік», «Палеонтология», «Минералогия және петрография», «Радиометрия», «Гидрология», «Геологиялық ескерткіштерге сипаттама

беру» номинациялары бойынша бейнематериалдарын жолдап, барлығы 35 жұмыс қаралды.

Қатысушы командалар Маңғыстаудың көрікті жерлеріне барып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, геологиялық ескерткіштерге ерекше сипаттама беріп өткен. Геологиялық өлкетану бағыты бойынша оқушыларға білім беруде байқауға қатысушы педагогтар өздерінің кәсіби маман ретінде шеберліктерін ортаға салды.



Қазылар алқасының шешімімен - Жаңаөзен қаласы, №21 орта мектебінің «Азимут» құрамасы - жүлделі І орын;



басқармасының дипломдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Мұнайлы ауданы, №15 орта мектебінің «Кайназой» мен Ақтау қаласы, Ф.Оңарсынова атындағы № 29 орта мектебінің «Сапфир» құрамалары - II орындарды, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр мектеп лицейінің «Сарытаған» құрамасы - III орын және Бейнеу ауданы, Сам орта мектебінің «Болашақ» құрамасы - IV орындарды иеленіп, білім

басқармасының дипломымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Мұстафа ТЕГІСБАЙ,
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы
Туризм – өлкетану бөлімінің нұсқаушысы,
Ақтау қаласы

Қашықтан оқыту – заман талабы



Қашықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және офлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Қазақстандағы пандемия жағдайында еліміздің мектеп оқушылары қашықтан оқыту режиміне көшті. Әрине мұндай жағдай ата-аналарға, оқушыларға, мұғалімдерге оңай болған жоқ. Мектепке баланы жіберіп, мұғалімге сенім артқан ата-аналар жауапкершілікті толыққанды сезінді. Оқу үрдісін қалыпты ұйымдастыру барысында, яғни оқушы күнде мектепке барып, мұғалімнің алдынан білім алу жағдайында көп ата-ана оқу үрдісінен шет қалып отыратын. Олар бұл жағдайда негізгі жауапкершілік ұстаздарда деп ойлайтын. Ал, қашықтан оқыту барысында ата-ана өз ұрпағының өз бетінше білім алуына тікелей жауапты екенін түсінді. Бұл жағдай ата-анаға да, оқушыға да үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Артықшылықтары:
Мобильділік
Мұғалімдермен байланыс синхронды және асинхронды

жолдармен өткізіледі.

Қанша артықшылықтарын келтірсек те, қашықтан оқытудың кемшіліктері де жоқ емес.

Кемшіліктері:

Күшті мотивация қажет.

Қашықтан білім алушы оқушы барлық оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты талап етеді. Сыртқы бақылаусыз оқудың қарқыны төмендейді.

Қашықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз.

Қашықтан оқыту кезінде оқушылардың бір-бірімен және мұғалімдермен жеке байланысы аз болады. Сондықтан оқытудың бұл формасы с п а й ы л ы қ т ы, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жарамайды.

Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі.

Негізінен, мұғалімдер құрамының аға буыны қашықтан оқыту технологиясын ментеруде қиындықтар туындайды.

Шалғай өңірлердің қашықтығы.

Қазақстанда шалғай аудандарда қашықтықтан оқытуға ерекше қажеттілік туындайды. Алайда, оқығысы келетіндердің көбісінде интернетке қосылған компьютер жоқ.

Қазіргі кезде Қазақстан оқушылары қашықтан білім алуға, бұл оқыту түрі дарынды, ізденімпаз оқушы үшін тиімді болса, ал үлгерімі мен жауапкершілігі төмен оқушы үшін біршама қиынға соғары сөзсіз...

Анаргүл МАКСИМОВА,
Үстірт орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Бейнеу ауданы